Бурашов Шоқан Уәлиханұлының «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде тұтынушылардың құқығын қорғау туралы заңнаманы қолданудың құқықтық мәселелері» тақырыбындағы 8D04208 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған докторлық диссертациясына ғылыми жетекшінің берген

ПІКІРІ

Бурашов Шокан Уалиханұлының диссертациялық жұмысы азаматтық, халықаралық және білім беру құқығы түйіскен тұста орындалған, ғылыми негізделген түпнұсқалық зерттеу болып табылады. Автор Қазақстандағы білім беру қызметтерінің тұтынушыларының құқықтарын қорғау мәселелерін әлемдік тәжірибе мен құқықтық реттеудің заманауи үрдістерін ескере отырып кешенді зерттеген.

Сонымен қатар, автордың диссертатциялық жұмысы пәнаралық сипатымен, ғылыми тереңдігімен және практикалық бағыттылығымен ерекшеленеді. Автор салыстырмалы құқықтану теориясы мен әдіснамасын жақсы меңгерген, БҰҰ, ЭЫДҰ және Еуропалық Одақ директивалары сияқты халықаралық құқықтық актілерді және шетел сот тәжірибесін еркін қолданған.

Зерттеудің жаңалығы Қазақстан мен әлемдегі білім беру қызметтерінің тұтынушыларының құқықтарын қорғау туралы нормалардың эволюциясы мен құқық қолданылуын кешенді теориялық және практикалық тұрғыдан талдауда көрініс тапқан.

Қазақстандық құқық саласының ғылыми әдебиеттерінде алғаш рет:

- тұтынушылар құқықтарын қорғаудың бес деңгейлі жүйесінің (жеке, кәсіпкерлік, қоғамдық, мемлекеттік және халықаралық деңгейлер) тұжырымдамасы ұсынылды;
- халықаралық және өңірлік нормалардың (БҰҰ Тұтынушылар құқықтарын қорғау жөніндегі нұсқаулықтары, ЕО директивалары, ЭЫДҰ құжаттары) ұлттық заңнаманы жаңғыртуға әсері көрсетілді;
- құқықтық қорғаудың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан мен ЕАЭО заңнамасын еуропалық құқықпен үйлестіру қажеттілігі негізделді;
- білім беру дауларында ұжымдық талап қою және медиация институттарын енгізу бойынша ұсыныстар әзірленді;
- мемлекеттік және қоғамдық бақылаудың цифрлық құралдарының (E-Tutynushy, жоғары оқу орындарының цифрлық есептілігі, тұтынушылардың онлайн-ағартушылығы) рөлі дәлелденді;
- АҚШ, Түркия, Жапония, Индонезия және Еуропалық Одақ елдеріндегі тұтынушыларды қорғау құқықтық модельдерінің салыстырмалы талдауы жүргізіліп, Қазақстанда бейімдеуге жарамды тетіктер айқындалды.

Барлық тұжырымдар мен қорытындылар автордың нормативтік актілерге, сот шешімдеріне, халықаралық ұйымдардың есептеріне және салыстырмалы зерттеу нәтижелеріне негізделген өзіндік талдауына сүйенеді.

Диссертация азаматтық және білім беру құқығы ғылымдарының дамуына елеулі үлес қосады. Автор білім беру қызметтері саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін институционалдық және функционалдық тұрғыдан жаңарту қажеттілігін дәлелдеп, бұл саладағы болашақ зерттеулер үшін әдіснамалық негіз қалыптастырған.

Жұмыстың практикалық құндылығы заңнаманы жетілдіруге, құқық қолдану тиімділігін арттыруға және білім беру сапасын қоғамдық бақылау тетіктері арқылы қамтамасыз етуге бағытталған ұсыныстарда көрініс табады.

Автордың ұсынымдары келесі салаларда қолдануға болады:

- «Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы» заңның жаңа редакциясын әзірлеуде;
- білім алушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі сот тәжірибесінде;
- Ғылым және жоғары білім министрлігінің, аккредиттеу және лицензиялау органдарының қызметінде;
- адал білім беру тәжірибесінің стандарттарын қалыптастыруда;
- білім беру және халықаралық құқық пәндері бойынша оқу курстарында.

Зерттеу нәтижелері халықаралық деңгейдегі ғылыми басылымдарда (Public Integrity, Scopus Q1, ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын отандық басылымда), ұсынған журналдарда және шетелдік ғалымдардың қатысуымен өткен конференцияларда апробацияланған.

Практикалық маңыздылығы тұтынушылар құқықтарын қорғаудың мемлекеттік стратегияларын әзірлеу кезінде, цифрлық мониторинг және қоғамдық бақылау тетіктерін енгізуде, сондай-ақ білім беру қызметінде қолдану мүмкіндігінде көрініс табады.

Жұмыс қисынды құрылымымен, жоғары теориялық дәлелдемелерімен және авторлық қорытындылардың дербестігімен ерекшеленеді. Диссертация халықаралық академиялық стандарттар мен философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Диссертациялық зерттеу отандық құқық ғылымының дамуына елеулі үлес қосатын, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы жоғары еңбек болып табылады. Бурашов Шокан Уалиханұлының «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде тұтынушылардың құқығын қорғау туралы заңнаманы қолданудың құқықтық мәселелері» атты диссертациясын жария қорғауға ұсынуға ұсынамын.

Ғылыми жетекші:

Мұхтар Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан университеті
з.ғ.к, қауымдастырылған профессор
ҰЗА (Ұлттық Заң Академиясы) академигі **Қ.Т. Битемиров**